«8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Нурымбетов Едил Шаяхметовичтың
«Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс Қазақстандағы ғылымды дамытудың стратегиялық бағыттарына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен бағыты Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатымен және келесі заңнамалық құжаттармен толық үндеседі: - Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсанда қабылданған № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңының басты ережелерімен тығыз байланысты; - 2022–2026 жылдарға арналған Білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасының, - «Адал азамат – біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының негізгі міндеттерімен де сабақтас. - Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында белгіленген әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, адами капиталды дамыту және қоғамның әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін нығайту бағыттарына;
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

			- Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Диссертациялық жұмыс «8D03101-Әлеуметтану» бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Диссертациялық жұмыс мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын социологиялық тұрғыда кешенді зерттеп, бұл ұғымның мазмұнын, құрылымын және қалыптасу факторларын қазіргі Қазақстан жағдайында жаңа қырынан ашады. Зерттеу классикалық болып саналатын әлеуметтік стратификация, кәсіби қауымдастық және ұжымдық сәйкестену теорияларын біріктіре отырып, мұғалім тұлғасының кәсіби дамуы мен әлеуметтік мәртебесін талдаудың тұтас әдіснамалық үлгісін ұсынады. Бұл жұмыс мұғалім рөлінің өзгеруін түсіндіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ қазақстандық социологияда сирек қарастырылған «мұғалім идентификациясы» мәселесін дербес ғылыми бағыт ретінде ұсынады. Эмпирикалық тұрғыда диссертация мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі тануы, әлеуметтік беделі мен кәсіби мотивациясы туралы жаңа деректерді ұсына отырып, педагогикалық қауымдастықтың қазіргі ахуалын ғылыми тұрғыдан сипаттайды. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы толық ашылған және ол әлеуметтану ғылымының кәсіби сәйкестену, әлеуметтік рөл, кәсіби мәртебе және мұғалімдік идентификация

			сияқты ұғымдарын ұлттық контексте нақтылап, жаңа эмпирикалық деректер негізінде толықтырған зерттеу ретінде ерекшеленеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың жазылу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу мазмұны құрылымдық жағынан жүйелі және логикалық реттілікпен баяндалған. Жұмыста ғылыми стиль мен терминологияны қолдану талаптары толықтай сақталған. Теориялық негіздеме мен эмпирикалық талдаулар өзара үйлесім тапқан. Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер дұрыс рәсімделіп, ғылыми әдеп нормаларына сәйкес келтірілген. Жасалған қорытындылар нақты дәлелдермен негізделіп, ғылыми тұрғыдан сенімділігі жоғары деңгейде қамтамасыз етілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазіргі қазақстандық қоғамдағы білім беру трансформациясы мен кәсіби әлеуметтік топтардың рөлін қайта пайымдаумен тығыз байланысты. Мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын зерттеу – Қазақстандағы білім беру саласындағы құрылымдық реформалар, «Педагог мәртебесі туралы» Заңның жүзеге асуы және мұғалім беделінің институционалдық деңгейде қайта қаралуы тұрғысынан аса өзекті. Зерттеу жұмысының өзектілігі бірнеше факторлармен негізделеді. Біріншіден, мұғалім – қоғамның әлеуметтік-мәдени тірегі саналатын кәсіби топ, ал оның идентификациясы мемлекеттің әлеуметтік

			тұрақтылығы мен адами капиталының сапасына тікелей әсер етеді. Екіншіден, мұғалімдердің кәсіби рөлін, мәртебесін және өзін-өзі тануын зерттеу – білім әлеуметтануындағы маңызды ғылыми және қолданбалы бағыт. Үшіншіден, Қазақстандағы мұғалімдердің субъективті тәжірибесіне негізделген деректер қоғамдағы кәсіби идентификацияны қалыптастыру механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу тақырыбы білім беру саласындағы өзгерістердің әлеуметтік салдарын бағамдау және ұстаз мәртебесін қайта қарау тұрғысынан барынша өзекті және уақыт талабына сай.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Нурымбетов Е.Ш. диссертациясының мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен бейнелейді және құрылымдық жағынан логикалық тұтастыққа ие. Жұмыс атауында көрсетілген «әлеуметтік-кәсіби идентификация» ұғымы диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдерінде теориялық және эмпирикалық тұрғыда дәйекті ашылады. Бірінші тарауда тақырыптың теориялық-методологиялық негіздері – әлеуметтік сәйкестену теориялары, мұғалім мәртебесінің тарихи қалыптасуы, кәсіби топтар теориясы сипатталған. Екінші тарауда мұғалім мәртебесінің динамикасы мен қазіргі жағдайы егжей-тегжейлі зерттелген, ал үшінші тарау автор жүргізген эмпирикалық

			зерттеулерге негізделіп, мұғалімдердің өзін-өзі тануы, кәсіби мотивациясы, идентификация факторлары мен аймақтық/әлеуметтік ерекшеліктері нақты мәліметтермен дәлелденген. Осылайша, диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық ашып көрсетеді, әрі теориялық іргетастан бастап практикалық тұжырымдарға дейін бірізді түрде дамыған
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Нурымбетов Е.Ш. диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстандағы мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын әлеуметтанулық тұрғыдан талдау болып табылады. Бұл мақсат жұмыс құрылымында бірізділікпен жүзеге асырылып, теориялық және эмпирикалық тарауларда дәйекті жалғасын тапқан. Диссертациялық жұмыстың міндеттері нақты әрі мақсатқа бағытталған: мұғалімдерді әлеуметтік кәсіби топ ретінде сипаттау, мұғалім идентификациясының теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастыру, кәсіби бейнені сипаттайтын критерийлерді анықтау, реформалар мен мемлекеттік саясаттың әсерін сараптау, мұғалім беделі мен мотивациясын зерттеу. Бұл міндеттердің әрқайсысы диссертация тарауларында орындалуымен ерекшеленіп, ғылыми логиканы қамтамасыз етеді. Жалпы, мақсат пен міндеттердің сәйкестігі зерттеу біртұтастығын көрсетеді.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Нурымбетов Е.Ш. диссертациялық еңбегі мазмұндық және құрылымдық жағынан жоғары деңгейде орындалған. Жұмыстың барлық бөлімдері – кіріспеден бастап қорытындыға дейін өзара логикалық байланысқан және біртұтас ғылыми жүйені құрайды. Теориялық тарауларда ұсынылған ұғымдар мен тұжырымдамалар эмпирикалық зерттеу арқылы нақты дәлелденіп, зерттеудің мақсат-міндеттерімен тікелей сабақтасқан. Әрбір тарау алдыңғы бөлімдердің логикалық жалғасы ретінде жұмыс істейді және авторлық тұжырымдарды бірізділікпен негіздеуге мүмкіндік береді. Диссертацияда зерттеу логикасының бұзылуы байқалмайды, керісінше, құрылымдық тұтастық толық сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Нурымбетов Е.Ш. диссертациялық жұмысында мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын зерттеуге арналған жаңа тәсілдер мен қағидаттарды ұсынған. Әсіресе, автор ұсынған ұғымдық үлгі (жеке, кәсіби, институционалдық, әлеуметтік деңгейлер бойынша) бұрынғы теориялық модельдермен салыстырыла отырып берілген. Бұл үлгі посткеңестік контексте кәсіби топтардың идентификациясын түсіндіруге жаңаша көзқарас ұсынады. Автор классикалық социологиялық теорияларды (Бурдьё, Таджфел және т.б.) ұлттық эмпирикалық контекстпен салыстырып, олардың шектеулерін көрсету

			арқылы өзіндік интерпретация жасайды. Сонымен қатар, сапалық және сандық зерттеу нәтижелерін салыстыру арқылы ұсынылған ғылыми тұжырымдар сыни бағаланып, нақты дәлелдермен негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелердің шамамен үштен екісі жаңа және бұл еңбекке ғылыми жаңашылдық сипат береді. Автор әлеуметтік-кәсіби идентификацияны кәсіби топтың өзін-өзі тану, институционалдық ортаға бейімделу, реформаларға деген реакция және кәсіби мотивациямен ұштастыра отырып, күрделі ұғым ретінде ашады. Бұл тәсіл бұрынғы зерттеулерде жүйелі түрде қамтылмаған. Сонымен қатар, жұмыста ұсынылған мұғалімдердің идентификациясының типологиясы, мотивациялық және символикалық факторлардың бірігуі арқылы қалыптасатын модельдер, олардың кәсіби мәртебемен өзара байланысы — автордың жеке ғылыми үлесі болып табылады. Бұл нәтижелер отандық социологияда педагогикалық қауымдастықты зерттеудегі теориялық және қолданбалы олқылықтардың орнын толтырады. Алайда зерттеудің кейбір теориялық негіздері классикалық тұжырымдарға сүйенгендіктен, бұл диссертация жаңа ғылыми мектептен гөрі бар теорияны ұлттық кеңістікке бейімдеу арқылы ғылыми жаңалық ұсынады деп айту орынды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары ішінара жаңа деп бағаланады. Автор алғаш рет Қазақстандағы мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясын демографиялық, институционалдық және аймақтық контексте кешенді түрде талдап шыққан. Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде алынған деректерге негізделген қорытындылар теориялық тұжырымдармен үйлесіп, жаңа интерпретациялар мен типологиялар ұсынады. Мұғалімдердің кәсіби бейнесін қалыптастырушы факторлардың өзара байланысы, олардың реформаларға қатынасы және өзіндік бағалау ерекшеліктері тұңғыш рет жүйелі түрде құрылымдалған. Бұл қорытындылар әлеуметтану ғылымына және мұғалім мәртебесі жөніндегі ұлттық дискурсқа маңызды үлес қосады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертацияда ұсынылған экономикалық және басқару сипатындағы шешімдер жаңа, әрі қолданбалы әлеуетке ие. Автор мұғалімдердің кәсіби дамуына әсер ететін ресурстық, ұйымдастырушылық және институционалдық факторларды жүйелі талдап, осы бағытта нақты практикалық ұсыныстар жасаған. Мәселен, педагогтердің жұмыс жағдайын жақсарту, беделін арттыру және кәсіби қолдау тетіктерін нығайту сияқты шешімдер еліміздің қазіргі білім беру саясатына сәйкес келеді және жаңғыру үрдістерін ескере отырып негізделген. Бұл тұрғыда автордың ұсынған шешімдері
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			практикалық қолдануға лайық, өзектілігі жоғары.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдерге сүйене отырып жасалған. Автор диссертациялық зерттеуде кең ауқымды әдебиетке сүйеніп, теориялық негіздемені жүйелі түрде баяндаған. Эмпирикалық бөлімде сапалық зерттеу әдістері – жартылай құрылымдалған сұхбаттар мен мазмұндық талдау қолданылған. Бұл әдістер арқылы мұғалімдердің кәсіби өзіндік идентификациясы мен оны қалыптастыратын факторлар кешенді түрде қарастырылып, теориялық тұжырымдармен салыстырылған. Автор қорытындыларын тек субъективті пайыммен емес, нақты деректерге сүйене отырып жасаған, бұл зерттеу сенімділігін арттырады және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға үлес қосады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма?	Әрбір қағидат сапалы және құрылымды түрде дәлелденген. Автор диссертациялық жұмыста теория мен практиканы ұштастыра отырып, мұғалімдердің пікірлері мен нақты деректерге сүйенген эмпирикалық база қалыптастырған. Нәтижесінде қағидаттар ғылыми жағынан дәйекті түрде тұжырымдалған.

		1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Жоқ. Қарастырылған мәселелер — педагог мәртебесі, сәйкестену процесі, мотивациялық факторлар — бүгінгі таңда өзекті, әрі олар ғылыми тұрғыдан жаңаша талданған. Ізденуші ұсынылған қағидаттарды жүйелеп, бұрын зерттелмеген аспектілерді қозғаған. Иә. Еңбекте ұсынылған тұжырымдар ғылыми жаңалық ретінде бағалануға лайық. Айталық, кәсіби сәйкестенуге әсер ететін факторлар арасындағы өзара байланыстар мен олардың субъективті қабылдануы тұңғыш рет осы деңгейде сипатталған. Диссертацияда көрсетілген тұжырымдар педагогикалық кадр саясатын жетілдіруге, мұғалімдерге қолдау көрсету шараларын нақтылауға және білім беру жүйесінің әлеуметтік тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстармен құнды. Иә. Барлық негізгі тұжырымдар мен теориялық-эмпирикалық нәтижелер ғылыми мақалаларда жарық көрген. Бұл — ізденушінің зерттеуі практикалық әрі академиялық ортада өзектілігін растайтын айғақ.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияда қолданылған әдіснамалық тәсілдер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Автор теория мен практиканы байланыстыруда
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	

		2) жоқ.	әлеуметтанулық әдістердің (құрылымдық-функционалдық, жүйелік, әлеуметтік капитал және рационалды таңдау теориялары) үйлесімін тиімді пайдаланған. Эмпирикалық кезеңде сауалнама мен терең сұхбат әдістері біріктіріліп, деректер триангуляциясы қамтамасыз етілген. Бұл зерттеушінің жүйелі және сенімді ғылыми ұстанымын дәлелдейді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертацияда автор компьютерлік технологиялардың әлеуетін кеңінен пайдаланған. Сауалнама нәтижелері онлайн форматта (Google Forms) жиналып, сандық мәліметтер SPSS және Excel көмегімен жүйеленіп, өңделген. Сонымен қатар, библиографиялық талдау үшін Microsoft Word Smart-Art секілді визуализация құралдары қолданылып, тақырыптық бағыттардың дамуы графикалық түрде көрсетілген. Мұндай әдістер зерттеудің аналитикалық тереңдігін қамтамасыз етіп, нәтижелердің ғылыми құндылығын арттырған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ізденуші ұсынған теориялық тұжырымдар мен факторлар өзара байланысы нақты деректер арқылы тексерілген. 2022–2025 жылдары жүргізілген сауалнама мен терең сұхбаттар нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби идентификациясына әсер ететін демографиялық, институционалдық және аймақтық ерекшеліктер жан-жақты талданған. Статистикалық регрессия, факторлық талдау және мазмұндық кодтау
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			нәтижелері автор ұсынған теориялық модельдердің өміршеңдігін растап, жаңа социологиялық заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеуде ұсынылған негізгі идеялар мен модельдер халықаралық индекстелген журналдардағы зерттеулерге және теориялық еңбектерге сүйене отырып тұжырымдалған. Әдебиеттер тізімі көлемді әрі заманауи стандарттарға сай рәсімделген. Автор педагогикалық және социологиялық контексте мұғалімнің кәсіби бейнесін ашуда шетелдік ғалымдардың концепцияларын қазақстандық деректермен ұштастырған. Нәтижесінде ғылыми дәлдік пен дереккөздерге негізделу жоғары деңгейде қамтамасыз етілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияда отандық және халықаралық зерттеушілердің беделді еңбектері кеңінен қамтылған. Классикалық социологиялық теориялармен қатар, соңғы бес жылда жарияланған заманауи еңбектерге де жүйелі сілтеме жасалған. Әдебиеттер тізімі зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін бекітуге, негізгі ұғымдарды нақтылауға, эмпирикалық мәліметтерді салыстыруға толық мүмкіндік береді. Бұл диссертацияның ғылыми тереңдігін және өзектілігін арттырады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен теориялық модельдер мұғалімнің кәсіби рөлі мен әлеуметтік мәртебесін түсіндіруге жаңа көзқарас ұсынады. Автор әлеуметтік
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			құрылым, мәртебе, рөлдік күтімдер және кәсіби идентификация секілді социологиялық категорияларды жүйелі түрде қарастырып, оларды эмпирикалық деректермен ұштастырған. Бұл зерттеу білім беру социологиясы мен мамандықтар әлеуметтануына маңызды үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы зор. Зерттеу нәтижелері білім беру саясатын жетілдіру, мұғалім мәртебесін арттыру және кадр тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында нақты қолданылуы мүмкін. Аймақтық және демографиялық ерекшеліктерді ескере отырып жасалған ұсыныстар білім беру басқармалары мен мектеп әкімшіліктеріне пайдалы бола алады. Сондай-ақ, жұмыс нәтижелері педагогикалық ЖОО-ларда «Білім социологиясы» және «Мұғалім кәсібінің әлеуметтануы» пәндері үшін оқу құралы ретінде қолайлы.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор ұсынған практикалық ұсыныстар жаңашылдығымен ерекшеленеді. Мұғалімдердің кәсіби идентификациясына ықпал ететін факторларды терең талдау негізінде, әлеуметтік-мәдени, аймақтық және институционалдық ерекшеліктерді ескерген нақты ұсыныстар жасалған. Бұл ұсыныстар мұғалім мәртебесін арттыруға, кадр саясатын жетілдіруге және кәсіби дамуға бағытталған. Мұндай жүйелі ұсыныстар бұған дейінгі зерттеулерде жеткілікті деңгейде қамтылмаған.

			Сондықтан диссертация білім беру саясатына тың серпін беруге қабілетті практикалық шешімдер ұсынады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация академиялық жазу нормаларына толығымен сай келеді. Мәтінде грамматикалық немесе стилистикалық қателер байқалмайды, тұжырымдар нақты әрі негізделген түрде баяндалған. Терминология ғылыми дәлдікпен таңдалып, бірізді қолданылады. Теория мен тәжірибе арасындағы байланыс сәтті құрылған, сілтемелер мен дереккөздер жүйелі және талапқа сай рәсімделген. Жазу мәнері эмоциялық бейтарап, аналитикалық тұрғыдан жақсы құрылымдалған. Бұл көрсеткіштер диссертация авторының ғылыми жазу мәдениетіне жоғары деңгейде меңгергенін айғақтайды.
11.	Диссертацияға ескертулер		Автордың зерттеу тақырыбы – Қазақстандағы мұғалімдердің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы – өте өзекті әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Дегенмен, диссертациялық жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстарды айтуға болады: **Аймақтық салыстырмалы талдау**: Зерттеуде Алматы қаласындағы мұғалімдердің нарративтері мен кәсіби даму ерекшеліктері нақты көрсетілген. Алайда зерттеудің әлеуеті республика деңгейінде кеңейтілсе, яғни басқа аймақтардағы (ауыл/қала) мұғалімдердің тәжірибелерімен

			салыстырмалы талдау жасалса, зерттеудің репрезентативтілігі арта түсер еді. **Институционалдық контексттің толықтығы**: Зерттеуде «Педагог мәртебесі туралы» заңға, реформалық құжаттарға сілтеме берілгенімен, білім беру мекемелеріндегі нақты кадрлық саясат, ішкі нормативтер немесе кәсіби стандарттар талдауға тереңірек енгізілсе, құрылымдық факторлардың мұғалім идентификациясына ықпалы айқынырақ көрінер еді. **Практикалық ұсыныстардың апробациясы**: Автор ұсынған ұсыныстар нақты әрі орынды, дегенмен, олардың кейбірі (мысалы, кәсіби қолдаудың жаңа формалары, қоғаммен байланыс) апробацияланған немесе пилоттық түрде сынақтан өткен жағдайда, қолданбалы мәні мен сенімділігі арта түсетін еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық жұмыстың жарияланған ғылыми мақалалардың мазмұны мен ғылыми сапасы жоғары деңгейде бағаланады. Автор диссертациялық тақырып шеңберінде 1 мақала Scopus базасындағы халықаралық журналда, 4 мақала ҚР БҒМ ұсынған рецензияланатын журналдарда, сондай-ақ 7 ғылыми конференция материалдарында жариялаған. Бұл жарияланымдарда мұғалімдердің кәсіби мотивациясы, әлеуметтік мәртебесі, кәсіби дамуындағы құрылымдық және субъективті

			факторлар, сондай-ақ заманауи білім беру саясатының әсері кешенді түрде талданған. Мақалаларда зерттеу логикасы мен теоретикалық тұжырымдардың бірізділігі сақталған. Автордың дербес ғылыми ұстанымы айқын көрінеді, әдіснамалық негіздеме мен эмпирикалық деректер арасында үйлесімділік бар. Жарияланған материалдар зерттеу мәселесінің өзектілігін дәлелдеп қана қоймай, Қазақстандағы мұғалімдерге қатысты әлеуметтік-саяси дискурсты жаңа ғылыми ракурстан талдауға мүмкіндік береді. Бұл – әлеуметтану ғылымының аясында елеулі ғылыми үлес.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Докторант Нурымбетов Едилдың «Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау» атты диссертациясы Қазақстандағы білім беру жүйесінің әлеуметтік қырларын кешенді зерттеуге арналған. Автор мұғалімнің кәсіби рөлі мен бейнесін институционалдық, демографиялық және аймақтық контексте талдаған. Э.Гоффман, А.Гидденс, П.Бергер, Т.Парсонс сынды ғалымдардың теориялары және 200-ден астам дереккөз пайдаланылған. Сапалық және сандық әдістер үйлесімді қолданылып, Алматы қаласында жүргізілген сұхбаттар нәтижелері маңызды әлеуметтік қайшылықтарды ашып көрсеткен. Жұмыс ғылыми жаңалығы, теориялық тереңдігі және әдістемелік негізділігімен ерекшеленеді. Қорытындылар мұғалім

			мәртебесін арттыру мен білім беру саясатын жетілдіруге бағытталған. Диссертация барлық талаптарға сай келеді, сондықтан авторға «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін беру ұсынылады.

«8D03101 – Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мұғалімнің әлеуметтік-кәсіби идентификациясы: әлеуметтанулық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс қазіргі қазақстандық қоғамдағы білім беру реформалары мен мұғалімнің кәсіби бейнесіндегі өзгерістерді социологиялық тұрғыдан кешенді зерделеуге бағытталған. Зерттеу барысында мұғалімдердің кәсіби идентификациясына ықпал ететін факторлар теориялық және эмпирикалық деңгейде талданып, нәтижелері ғылыми дәлелді ұсыныстармен бекітілген. Диссертацияның ғылыми жаңалығы – мұғалімдерді әлеуметтік кәсіби топ ретінде қарастыру, олардың кәсіби және әлеуметтік рөлдерін әлеуметтік құрылым, аймақтық контекст және реформалар аясында талдауында. Автор сапалық және сандық әдістерді тиімді біріктіріп, Алматы қаласы мысалында тереңдетілген сұхбат пен сұранысқа ие статистикалық деректерді ұтымды пайдаланған. Диссертациялық жұмыс логикалық құрылымымен, тұжырымдарының нақтылығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Жалпы, зерттеу нәтижелері Қазақстанда мұғалім мәртебесін арттыру, кәсіби дамуын қолдау және әлеуметтік саясатты жетілдіру салаларында қолдануға жарамды. Автордың ғылыми жарияланымдары мен конференциялардағы баяндамалары зерттеу нәтижелерінің сапасын дәлелдейді. Осыған орай, диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы тұрғысынан «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Осыған байланысты, ізденушіге «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
Нархоз университеті,
Гуманитарлық мектеп профессоры **Маульшариф М.**